БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІНДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ҒАЗЕТІ

№ 227 (9289) | 1953 жылғы 13 ноябрь Жұма | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Коммунистер мен комсомолецтер! Бесінші бесжылдық жоспарды толық және асыра орындау жолындағы, совет халқының әл-ауқатын онан әрі арттыру жолындағы, ССРО-да коммунизм орнату жолындағы күрескерлердің алдыңғы сапында болыңдар!

(СОКП Орталық Комитетінің Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығына арнаған ұрандарынан)

Аудандық партия конференциялары

Ертең облысымыздың Ленин, Булаев, Октябрь, Приишім, Конюхов және Мамлют аудандарында аудандық партия конференциялары ашылады, ал, барлық басқа аудандарда конференция 21—22 ноябрьде өткізіледі.

Партия конференциясы партия ұйымдарының еміріндегі аса маңызды және саяси зор оқиға болып табылады. Бұл конференцияларда партия комитеттерінің есебі, тексеру комиссияларының баяндамалары тыңдалады, партия комитеттерінің жұмысына баға беріледі, партия комитеттері мен тексеру комиссияларының жаңа құрамы сайланады.

Біздің облысымызда аудандық партия конференциялары еліміздің еңбекшілерінің жаппай зор саяси және еңбек өрлеуі жағдайында, совет адамдары СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының «ССРО ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету шаралары туралы» қаулысымен жігерленіп, Коммунистік партия мен Совет Үкметі алға қойған зор міндет —жұмысшылардың, колхозшылардың, интеллигенцияның, барлық совет адамдарының материалдық әл-ауқатын үздіксіз арттыру міндетін ойдағыдай жүзеге асыру жолында қажырлылықпен күресін жатқан жағдайда өткізілелі отыр.

Сөз жоқ, облысымыздың партия ұйымдары бұрынғыдан да нығайып, Коммунистік партияның Орталық Комитетінің тәнірегіне бұрынғыдан да берік топтаса түсті. Партия ұйымдарының саяси- шаруашылық жұмыстарға, әсресе, ауыл шаруашылығына басшылығы бұрынғыдан бірде жақсарды. Аудан партия ұйымдарының партия- ұйымдық және партия- саяси жұмыстарын жақсарта түсуі нәтижесінде шаруашылық жұмысындағы кейбір көрсеткіштеріміз де жақсарды.

Қол жеткенмен тыну, жұмыстағы кемшілікті көрмеу —совет адамдарына, әсресе, коммунистерге жат қылық. Олай болса, облыс аудандарының партия ұйымдарының жұмысындағы елеулі кемшіліктер жөнінде үндемей қалуға болмайды.

Аудандық партия конференцияларында партия- ұйымдық, партия -саяси жұмыстарындағы жетістіктер қорытылумен бірге, жұмыстағы үлкенді-кішілі кемшіліктер де батыл ашылып, ондай кемшіліктерді жоюдың нақтылы жолдары белгіленуге тиіс.

Облысымызда ауыл шаруашылығының артта қалуының басты себептерінің бірі—оған партиялық басшылықтың қанағаттанғысыздығында. Бірқатар аудандық партия комитеттері ауыл шаруашылығына нақтылы басшылық жасамайды, әрбір шаруашылықтың ерекшелігіне қарай басшылық жасай алмай жүр. Мәселен, Совет аудандық партия комитеті жөнінде осыны айтуға болады. Совет аудандық партия комитеті, оның секретарьлары Пономарев, Штина жолдастар ұсақ- түйек шаруашылық жұмыстарымен ғана шұғылданып, аданның ауыл шаруашылығын өркендету жөніндегі перспективті мәселелерді естен шығарады. Керек десе, бұл аудандық комитет әрбір колхоз, совхоз бен МТС-тегі жұмыстың жайын да жете білмейді, олардағы бастауыш партия ұйымдарының ролін арттыру, саяси және шаруашылық жұмыстарды бір- бірімен ұштастыра жүргізу мәселелерімен жете шұғылданбайды. Мұның ақыры ауданда ауылшаруашылық жұмыстарының мүлде артта қалуына әкелін соғын отыр.

Облыстың басқа да бірқатар аудандарында ауыл шаруашылығына партия басшылығының жайы осындай деуге болады.

Аудандық партия конференцияларының делегаттары партия ұйымдарының ауыл шаруашылығына басшылығындағы қателіктер мен кемшіліктерді батыл сынап, егін шаруашылығына, әсресе, мал шаруашылығына партия комитеттерінің, бастауыш партия ұйымдарының басшылығын жақсарту жөнінде бағалы ұсыныстар енгізуге тиіс.

СОКП XIX съезі идеологиялық жұмыс партияның ең бірінші дәрежелі міндеті деп атап көрсетті. Идеологиялық жұмысты жете бағаламау партия мен мемлекет мүддесіне ойсыраған зиян келтіруі мүмкін. Міне, сондықтан да аудандық партия конференциялары идеологиялық жұмыстың жайына баса назар аударып, барлық идеологиялық жұмыстарды жақсарта түсуді қамтамасыз ететін шаралар белгілейтін

Қазақстанда мал қыстатуға әзірлік нашар жүргізілді

Өткен жылы Қазақстанның мал шаруашылығы елеулі шығынға ұшырады. Мұның себебі республиканың колхоздары мал қораларын қыска нашар әзірлеп, малды жай шөптердің және құнарлы жемшөптердің қажетті запасымен қамтамасыз ете алмады. Қыстың орта шенінде-ақ олардың көпшілігі жемшөп сатып алу және алыстан жемшөп тасу үшін көп қаржы жұмсауға мәжбүр болды.

Өткен қыстың кеңілсіз сабақтарын қайталамау үшін республикада не істелді?

Былыл Қазақстан КП Орталық Комитетінің қай пленумында болса да тұрақты жемшөп базасын жасау туралы, мал үшін қоралар салуды тездету, фермаларды механикаландыру және басқа осы сияқты, мәселелер туралы әңгіме болды. Қазақ ССР Министрлер Советі де бұл мәселелер жөнінде аз қарар қабылдаған жоқ. Сол сияқты, республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігі көптеген бұйрықтар мен нұсқаулар берді. Жергілікті жерлерде —облыстар мен аудандарда да қабылданған қарарлар аз болған жоқ. Алайда, малды жемшөпсіз қамтамасыз ету ісі мықтап жақсартылмады.

Республиканың партия, совет және ауылшаруашылық органдары жақсы ниетті практикалық іске айналдыру үшін өз директиваларын қажырлы ұйымдастыру жұмысымен нығайта білмеді.

Қазақстанда быйыл қыс әдеттегіден ерте түсті. Көптеген колхоздар, тіпті тұтас алғанда кейбір аудандар кәзірдің өзінде қыйын жағдайда қалып отыр. Республикада бірде-бір облыс жай шөп пен құнарлы жемшөп дайындау жоспарын орындамады. Мысалы, Ақмола облысында 80 колхозда малдың жемшөпсіз қамтамасыз етілуі 60 процент ғана болып отыр. Павлодар облысының Үрлітуп, Галкин, Лозов, Михайлов аудандарының колхоздары жемшөпті будан да аз дайындаған.

Ақтөбе және Оңтүстік Қазақстан облыстарының бітік шыққан шөпті толық жыйнап үлгермеген көп колхоздары мал қыстатуға жемшөптің жеткіліксіз қорымен кірісті.

800 мың гектарға жуық шабылған пішеннің маяланбай, кіреде және шөмеледе жатып, қардың астында қалуы партия және совет органдарының бірқатар басшыларының, МТС директорлары мен колхоз председательдерінің бейқамдығынан ғана болды деп білу керек. Жыйналмай қалған пішеннің нөгұрлым көп белгі Ақтөбе, Қостанай, Батыс Қазақстан облыстарында болып отыр.

Міне, сондықтан да кемшіліктерді түзету жұмысы кәзір ерекше зор қажырлылықпен жүргізілуге тиіс еді. Алайда, бұл байқалмай отыр.

Мәселен, Семей облысында қажетті жемшөптің жартысынан кемі ғана дайындалған. Алматы, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Талдықорған, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстарының және басқа кейбір облыстардың колхоздарында да жағдай осындай.

Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстары колхоздарының пішеннің мол запасын жасап алуға көп мүмкіндіктері болды. Быйыл олардың жерінде шөп жақсы өсті. Машина- трактор және машина-малшаруашылық станцияларының шөп жыйнайтын техникамен мол жабдықталуы олардың пішен дайындауы және шөп сүрлеуді ұйымшылдықпен өткізуіне мүмкіндік берді. Бірақ, партия, совет органдары, сонымен қатар, колхоз басқармалары қолайлы мүмкіндіктерді пайдалана білмеді.

Машина -трактор және машина-малшаруашылық станциялары колхоздарға нашар көмектесуде. Колхоздарды қыска әзірлеуге шын мәнісінде қатынасын отырған станция аз кездеседі. Амал қанша, мұндай жағдай жергілікті совет және ауылшаруашылық органдары тарапынан қатаң кінәланбай отыр.

Жемшөп запастарын толықтыру резервтері өте нашар пайдаланылып отырғандығын фактілер көрсетеді. Көптеген колхоздарда сабанды жыйнау және сақтау ісіне жете назар аударылмай келеді. Мәселен, Костанай облысында сабандардың жартысынан азы маяланған. Батыс Қазақстан, Ақтөбе, Алматы облыстарының және басқа кейбір облыстардың колхоздары сабанды будан сәл ғана артық жыйнады.

Оңтүстік облыстар колхоздарының қант қызылшасы мен овощь -бақша дақылдары өсебінен жемшөп қорын толықтыруға мүмкіндіктері бар. Алайда, мұнда жемшөптің бұл түрі жете бағаланбай отыр. Республика бойынша тұтас алғанда шөп сүрлеу жоспары жартысынан сәл ғана артық орындалды. Мұнда сүрленетін дақылдарды өсіруге теріс көзқарас тұып отыр. Сүрленетін дақылдар етісінің көп белгі бүтімнің нашарлығы салдарынан өнбей қалуда.

Алыстағы жайылымдарда, бұрынғы жылдардағы сияқты, көп мал бағылады. Жайылым участоктерінде жемшөптің жеткілікті қорын өлде қашан дайындап алу керек еді. Бірақ, жемшөптің едәуір белгі мал қыстайтын жерлерге әлі күнге тасып жеткізілмей, мал азығын сақтаушыларға берілмей отыр. Мысалы, Ақтөбе облысында мал қыстайтын жерлерге пішеннің небары 21,2 процанті, Ақмола облысында 34,4 процанті, Батыс Қазақстан облысында 23,3 процанті ғана тасып жеткізілді.

Республиканың Ауыл шаруашылығы және дайындау министрлігінің 25 августағы бұйрығы бойынша барлық колхоздарға қысқы жайылым участоктерінде құдықтар қазуды және мал қораларын салуды 15 октябрьге дейін аяқтау ісі тапсырылған. Сонымен қатар, алыстағы жайылымдарда зоотехникалық- малдәрігерлік участоктер, сауда орындарын, медициналық пункттер ұйымдастыру міндеті де тапсырылған болатын. Бірақ, осы шаралардың бірде- бірі орындалған жоқ.

Мұнда қыс түскеннен кейін де малдың көп бөлегі бұрынғысынша ашық далада қалып отыр, өйткені, мал жайылым участоктерінде мал қораларын салуға ойдағыдай көңіл бөлінбей келеді. Малды жақсы сұтпен қамтамасыз ету үшін істелген жұмыс тым аз.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы Қазақстан партия ұйымының алдына республикада мал шаруашылығын өркендету жөнінде зор міндет қойды. Республикада ауыл шаруашылығының аса маңызды саласына бейқамдықпен қарауды ақырына дейін жою, мал қыстатуды ұйымдастырудағы елеулі кемшіліктерді нөгұрлым тез түзету —Қазақстанда мал шаруашылығын ойдағыдай өркендетудің шешуші шарты.

П. ШТАБНОВ,
(«Правданың» тілшісі).

«Правда», 11 ноябрь.

Өнеркәсіп орындарында

Уақыттан озған цех

ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарларымен жігерленген Мамлют ауданындағы «Красный кирпич» кәсіпшілік артелінің тігін цехының (цех бастығы Мәкеева жолдас) коллективі өнім шығаруды ұлғайтуға, оның сапасын жақсартуға міндеттенген болатын. Осыған байланысты цех коллективі қолда бар күш-мүмкіншілікті толық пайдаланып, еңбек өнімділігін еселеп арттырды.

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесі қарсаңында цех тігіншілері осы жылғы өткен 10 айда істеген жұмыстарының қорытындысын шығарды. Цех 25 октябрьдің өзінде-ақ киім тігудің жылдық жоспарын толық орындап шықты. Сөйтіп, коллектив ұлы мерекені жоспардан тыс көп киім тігумен қарсы алды.

ССРО Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Кеншілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар өндірісін ұлғайту және олардың сапасын жақсарту туралы» қаулысы цех тігіншілерін жаңа табыстарға жігерлендіруде. Қаулыда көрсетілген міндеттерді ойдағыдай орындауға келелі үлес қосу мақсатымен олар социалистік жарысқа ұштасып, киімді әдемі, мықты етіп тігуге міндеттенді.

Бұл күндері тігіншілер өздерінің алған көтеріңкі міндеттемелеріне лайық еңбек етіп жүр. Социалистік жарыста 10 ай уақыт ішінде екі жылдың нормасын орындаған мастер Анастасия Хворых жолдас алда келеді. Ол сменалық тапсырмасын ұдайы артығымен орындап отырады. Цехта уақыттан озған тігіншілердің бірі —мастер Мария Яковлева жолдас. Ол 10 ай ішінде біржарым жылдық норма орындап шықты.

—Цехтың тіккен киімінің сапасына,— дейді цех бастығы Мәкеева жолдас, —тұтынушылар риза. Бұл—киімді әдемі, сапалы тігу жолындағы қажырлы күрестің, өнімді еңбектің нәтижесі.

Ж. МӘЛІКОВ.

Табысты баянды ету күресі

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдық мерекесін Петропавл теміржолшылары лайықты өндірістік тартулармен қарсы алды. Әсресе, машинистер айтарлықтай табыстарға жетті. Олар дис-

Мал қыстатудағы кемшілік

Кемшілік тез жойылсын

Конференциялар саяси және шаруашылық жұмыстарды ұштастыра жүргізу, партия -ұйымдық, партия- саяси жұмыстарды мейлінше күшейту, шаруашылықтың барлық салаларына кадрларды іріктеп алуды, орналастыруды және тәрбиелеуді, қабылданған қаулылардың орындалуын ұйымдастыруды және тексеруді, комсомол және басқа шаруашылық ұйымдарға партиялық басшылықты жақсарта беру мәселелеріне баса назар аударуы керек. Сол сияқты, кадрларды марксизм-ленинизм ғылымымен қаруландырудың жайы да — конференция делегаттары ерекше көңіл бөлетін мәселе.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы совет халқының алдына тарихи міндет —ауыл шаруашылығын шұғыл өркендетіп, таяудағы екі- үш жыл ішінде елімізде ауылшаруашылық өнімдігі молшылығын жасау міндетін қойды. Партия мен үкметіміз ауылшаруашылық өндірісін өркендетудің нақтылы жолдарын көрсетіп, бұған қажетті барлық жағдайларды туғызуда.

Аудандық партия ұйымдарының барлық жұмыстары осы міндетті мүлтіксіз жүзеге асыру мүддесіне бағытталуға тиіс. Демек, аудандық партия комитеттері әрбір колхоз бен совхоздың егіншілік мәдениетін мейлінше арттыруына, қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын әрбір түлік бойынша толық және артығымен орындауына, оның өнімділігін арттыруына, әрбір машина-трактор станциясының жұмысты партия мен үкмет талап еткен дәрежеде ұйымдастыруына жетісуге міндетті. Алайда, облыс аудандарында бұл міндеттердің орындалуы әзірше мүлде қанағаттанғысыз болып отыр. Облыстың бірде-бір ауданы мал шаруашылығын өркендетудің жоспарын әрбір түлік бойынша орындаған жоқ, мал шаруашылығының өнімділігі төмен. Жекелеген колхоздар болмаса, тұтас алғанда бірде-бір аудан ауылшаруашылық дақылдарынан жоспарлы өнім ала алмай отыр. Сол сияқты, ауылшаруашылық жұмыстары болсын.

Аудан партия ұйымдарының алдында бүгін таңда аса күрделі міндеттер тұр. Ол —мал қыстатуды, колхозшылардың агрозоотехникалық оқуын, тракторлар мен басқа да ауылшаруашылық машиналарын жөндеуді, қыскы агротехникалық шараларды жүзеге асыруды тығырықты ұйымдастыру. Конференциялар бұл міндеттерді табысты шешудің жолдарын белгілеуі керек.

Сын мен өзара сын—біздің қоғамымыздың қозғаушы күші. Партия конференцияларының идеялық жоғары дәрежеде өтуі де оларда сын мен өзара сынның кеңінен өрістетілуіне байланысты. Ал, конференцияның әрбір делегаты жұмыстағы кемшіліктерді, ол кемшілікке жол берушілерді жасқанбай батыл сынауға праволы. Конференцияларда сынды түншықтыруға тырысушылықтың көріністеріне жол берілмеуге тиіс. Сол сияқты, аудандық комитеттердің есепті баяндамаларын талқылау даурықпалы думанға айналдырылмай, ол алда тұрған аса күрделі саяси-шаруашылық міндеттер дәрежесінде болуы керек.

Әрине, конференцияның идеялық жоғары дәрежеде өтуі көбінесе есепті баяндаманың тыңғылықты әзірленуіне де байланысты. Бұл —есепті баяндама жан-жақты ойластырылып әзірленуге, онда партия ұйымының өмірінегі барлық мәселелер толық қамтылып, терең талдануға, жұмыстағы кемшіліктер мен оған кінәлілер батыл сыналуға тиіс деген сөз. Бұл жағдай сын мен өзара сынның кеңінен өрістетіліп, конференцияның жоғары дәрежеде өтуіне мүмкіндік береді.

Партия конференциялары партиялық демократияны жүзеге асыра отырып, аудандық партия комитеттерінің құрамына қолдарынан іс келетін қабілетті және қалың бұқара арасында беделді коммунистерді сайлауға тиіс.

Сын мен өзара сын кеңінен өрістетіліп, аудандық партия конференциялары идеялық жоғары дәрежеде өткізілсін.

Колхоз өндірісінде тәжрибе алаңы болсын

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). В. И. Ленин атындағы Бүкілодақтық ауылшаруашылық Ғылым академиясының Қазақ филиалы егіншілік институтының Өскемендегі жеміс- овощь тәжрибе алаңының коллективі овощь дақылдары мен бақшаруашылығының шығымдылығын арттыруда Шығыс Қазақстанның колхоздарына зор көмек көрсетуде. Ғалымдар жергілікті жағдайда картоп пен овощьты шаршы- ұялап егу әдісін сынады. Киров ауданының Киров атындағы ауылшаруашылық артелі ғалымдар ұсынған жаңа агротехниканы қолданып, картоптың өнімін әдеттегіден біржарым есе арттырды.

Тәжрибе алаңы бірқатар жылдар бойы картоптың ерте пісетін мол өнімді бульба, лорк, мажестик, катагдин сорттарын сынап келді. Көзір осы сорттардың 300 центнерге жуыр элита класты тұқымы өндіріс жағдайына қолдану үшін қала маңындағы аудандардың колхоздарына беріле бастады. Колхоздарға сонымен қатар көп мөлшерде овощь пен бақша дақылдарының элита класты тұқымы берілді.

Түрксибтің теплица комбинаты

Түркстан -Сибирь темір жолының жұмысшыларды жабдықтау басқармасының № 5 совхозында магистральдағы тұқыш теплица комбинаты салына бастады. Комбинат Алматы торабының теміржолшыларын ерте өсетін овощьтармен және көшетпен жабдықтайтын болады.

Блок типті деп аталатын теплицалар бумен жылытатын трубалармен жабдықталады. Комбинаттың көлемі —1.000 шаршы метр. Комбинаттың жанында көлемі бес гектар, үсті ашық үлкен парник шаруашылығы жасалады.

Котлован қазу жұмысы аяқталды. Комбинаттың бірінші секциясы алдағы жылы іске қосылады.

(ҚазТАГ).

Булаев ауданы, Калинин атындағы колхозда өткен жылы мал азығын дайындау, қора салу, ескі қоралады жөндеу жұмыстары нашар жүргізілді. Соның салдарынан колхоз мал қыстатуға әзірліксіз кірісті. Мұның ақыры қыста едәуір мал шығынының болуына әкеліп соқты.

Быйыл колхоз басқармасы мен бастауыш партия ұйымы бұл кемшіліктерден тиісті қорытынды шығарулары керек еді. Бірақ, істің жайы бұған керісінше болды. Мұнда қоғамдық малға 1500 центнер шөп жетпейді. Бұл —колхоз басқармасының шөп шабу кезінде ұйымдастыру, басшылық ету жұмысын нашарлатып алуынан болып отырған жағдай. Колхоз председателі Кафтуненко жолдас мал азығын дайындауды ұйымдастырудағы кемшіліктерді аудандық ұйымдардан жасыру үшін жалған мәліметтер беріп келген.

Көзір суық түсті, мал қолда бағылатын болды. Ал, колхозда мал қоралары әлі жөнделіп бітпеген. Дайындалған мал азығын қоралар жанына тасып алу жұмысы да қанағаттанғысыз. Егіннің сабаны мен топаны жыйналмастан қар астында қалды.

Жеткілікті жемшөпсіз, жайлы қорасыз мал шаруашылығын өркендетуге болмайтындығы түсінікті. Олай болса, бұл колхоздың басшылары кездескен кемшіліктерді іс үстінде түзетіп, қоғамдық малды қыстан шығынсыз алып шығудың барлық шараларын қарастырулары қажет.

Б. ЖАҚЫПОВ,
(өз тілшіміз).

Димитров атындағы колхоздың басшылары өткен жылы мал қыстату маусымына әзірлікте елеулі кемшіліктерге жол берді. Демек, мал азығы жеткілікті мөлшерде дайындалмады. Ал, дайындалған азықты қыстаулар қасына тасу және мал қораларын жөндеу жұмыстары қар түскенге дейін созылды. Мұның өзі бірнеше малдардың шығын болуына, мал өсіру жоспарының орындалмауына, мал шаруашылығының өнімділігі белгіленген мөлшерден екі есе кем болуына себеп болды.

Колхоз басшылары өткен жылғы осы кемшіліктерді қайталамау үшін быйыл мал қыстатуға әзірлікті барлық жағынан тыңғылықты ұйымдастырып, істің бұл саласында колхоздың жаңа табысқа жетуін қамтамасыз етуге міндетті еді. Бірақ, істің жағдайы бұған мүлдем керісінше болып отыр. Колхоз председателі Чупрунова, оның орынбасары Коржь және бастауыш партия ұйымының секретары Нагорный жолдастар өткен жылғы болған қыйыншылықты ұмытқан көрінеді. Бұл сөзімізді дәлелдеу үшін нақтылы фактілерге тоқталайық.

Мал шаруашылығын өркендетудің , ең негізгі шарасы —қоғамдық малға жемшөпті жеткілікті мөлшерде дайындау болып есептеледі. Бірақ, колхоз басқармасы бұл іске кезінде барлық күш- мүмкіншіліктерді толық пайдаланбады. Шөп шабу, шабылған шөпті жыйнау, маялау жұмыстарына колхозшыларды түгел қатыстыра алмады.

Колхоз басқармасы шөптің жетпейтініне қарамастан егіннің сабаны мен топанын жыйнауды ұйымдастырмаған.

Мұнда дайындалған мал азығын қоралар қасына тасу ісі де ұйымдастырылмаған. Мал қоралары қасына мал азығы мүлде аз тасылды. Тегі колхоз басшылары қыстың күндері қоралар қасына мал азығын тасу ісі көп қыйындыққа соғатынын ұмытса керек.

Сыйыр фермасында онға жуық мал қорасы бар. Бұларды жөндеу жұмысы аяқталған жоқ. Қоралардың іші-сырты сыланбаған. Оларға терезе орнатылмаған. Төл үйлерін жөндеу, олардың ішін дезинфекциялау жұмыстары ұмыт қалған. Үш қораның іші әлі күнге дейін мал қыйыкан тазартылмаған.

Рас, колхоз басқармасы мал қораларын жөндеу, тазарту жұмыстарын жүргізетін арнаулы бригада ұйымдастырған. Алайда, бригаданың өнімді жұмыс істеуіне басшылық етпеген. Сол есебінтен бригада мүшелері арасында өнбек тәртібі нашар болған. Әрине, мұндай бригадада жұмыстың сапасы да, өнімі де төмен болатындығы өзінен- өзі түсінікті.

Димитров атындағы колхоздың басшылары жоғарыдағы көрсетілген кемшіліктерді жоюдың шұғыл шараларын белгілеп, оны мұқият жүзеге асыруға тиіс. Ал, аудандық партия комитеті мен Совет атқомі бұл колхоздың мал қыстату маусымын тығырықты ұйымдастыру үшін нақтылы көмек көрсетуге міндетті.

Т. КӘДІРОВ,
Петропавл ауданы, Димитров атындағы колхоз.

Қазақ ССР Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігін құру туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1953 жылғы 24 августағы Указына байланысты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы **қаулы етеді:**

1. Қазақ ССР Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігі құрылсын.

2. Қазақ ССР Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрлігінің қарамағына балық, ет, сүт, май жасау, сыр жасау, нан пісіру, макарон, кондитер, консерв, май, спирт-арақ, шарап шығаратын, сыра қайнататын, шай, темекі, ұн және басқа өнеркәсіп салаларының кәсіпорындары мен ұйымдары, Қазақ ССР Министрлер Советінің бекіткен тізімі бойынша берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 11 ноябрь, 1953 жыл.

Қазақ ССР Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрі етіп М. Е. БУТИН жолдасты тағайындау туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Қазақ ССР Азық-түлік товарлар өнеркәсіп министрі болып Мәжікен Есенұлы **Бутин** жолдас тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 11 ноябрь, 1953 жыл.

Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігін құру туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының 1953 жылғы 24 августағы Указына байланысты, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы **қаулы етеді:**

1. Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігі құрылсын.

2. Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрлігінің қарамағына мақта-мата, жүн, былғары, аяқкиім, мех, трикотаж, тігін және басқа өнеркәсіп салаларының кәсіпорындары мен ұйымдары Қазақ ССР Министрлер Советінің бекіткен тізімі бойынша берілсін.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 11 ноябрь, 1953 жыл.

Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрі етіп В. А. РОДИОНОВ жолдасты тағайындау туралы

ҚАЗАҚ ССР ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Қазақ ССР Көпшілік тұтынатын өнеркәсіп товарлар министрі болып Василий Александрович **Родионов** жолдас тағайындалсын.

Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Председателі Д. КЕРІМБАЕВ.
Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Ә. ӘМРИЕВ.

Алматы қаласы, 11 ноябрь, 1953 жыл.

петчерлермен, поезд және колдуктолар бригадаларымен тығыз ынтымақтаса жұмыс істей отырып, 300-ге жуық ауыр салмақты составты жеткізді.

Паровоз және вагон деполарының коллективтері паровоз және вагон жөндеудің он айлық тапсырмасын мерзімінен бұрын орындады. Октябрь айында бірнеше вагондар мен локомотивтер жоспардан тыс жөнделді.

Көзір деміржолшылар қол жеткен табысты баянды ету, қыс жағдайында жұмысты мінсіз істеу жолында еңбек етуде.

П. ОСПАНОВ.

Жоспардан тыс өнім

Петропавлдағы «Молот» кәсіпшілік артелінің коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығы құрметіне еңбек вахтасына тұрып, үстіміздегі жылдың он айының жоспарын мерзімінен бұрын орындады. Жұмысты өнімді істеудің нәтижесінде артель 129 мың сомның өнімін жоспардан артық шығарды.

Артель быйыл өнімнің жаңа түрін—үйдің тебесін жабатын бұйымдар өндіруді игерді.

Р. ҚУПИН.

—00—

Еңбекшілердің тұрмыс дәрежесі үздіксіз артуда

Петропавл ауданындағы Сталин атындағы колхоздың колхозшыларының мәдени және тұрмыс дәрежесі барған сайын жақсарып келеді. Колхозшылар өндірісте аянбай еңбек етіп, жыл сайын көптеген еңбекқұн табады, оған мол табыс алады. Осыған байланысты олардың сатып алу қабілеті де үздіксіз арта түсіп отыр.

Колхоз орталығында дүкен бар. Одан колхозшылар өздеріне қажетті товарларын сатып алып тұрады. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана колхозшылар 96 велосипед және басқа да бағалы заттар сатып алды. Мысалы колхозшы Г. Шварц жолдас «ИЖ—350», А. Шварц жолдас «ИЖ—49» маркалы мотоциклдер сатып алды. Ал, колхозшы Александр Вегнер жолдас радиоқабылдағыш сатып алып орнатты.

Осы сияқты, колхозшылар пальто, костюм сияқты дайын киімдерді және мебель бұйымдарын, іс машиналарын, сүт айыратын машиналарды көптеп сатып алуда. Соңғы екі- үш айдың ішінде ғана колхозшыларға колхоз орталығы—Петерфельд селосындағы магазиннен 75 мың сомның өнеркәсіп товарлары сатылды.

Солай бола тұрса да, колхозшылардың аудандық сауда орындарына қоятын талаптары да бар. Колхоз орталығындағы дүкендегі товарлардың ассортименті әлі де болса жеткіліксіз. Село тұтынушылары дүкеннен кей реттерде қажетті товарларын сатып ала алмайды. Дүкенге, әсресе, жүн маталарының, іс машиналарының, оқулықтар мен көркем әдебиет кітаптарының түсуі әлі қанағаттанғысыз.

Аудандық сауда орындары сауда жұмысындағы мұндай кемшіліктерді дереу жойып, село тұтынушыларының қажетін толық қанағаттандыруға жетісуге міндетті.

А. БОГЕР.

Үнемдеу тәртібі—социалистік шаруашылықты басқару әдісі

I

Социализм тұсында үнемдеу тәртібі социалистік шаруашылықты басқарудың маңызды әдісі болып табылады.

Үнемдеу тәртібі социализмнің экономикалық заңдарының қолданылуына негізделеді, партия мен совет мемлекеті өзінің практикалық жұмысында сол заңдарға сүйеніп отырады.

Ұқыптылық —совет адамдарының жаңа, социалистік сапасы. Материалдық және ақша қаржыларын саналылықпен, есебін тапқыштықпен, ұқыптылықпен жұмсау —социалистік өндіріс әдісінің өзіне тән өзгешелігі. Социализм иесіздікті, ысырапкорлықты туғызатын себептердің бәрін жойды.

Дағдарыстың, бәсекешілліктің, өндіріс анархиясының, яғни капитализмге тән жағдайлардың болмауы, шаруашылықты жоспарлы түрде жүргізу социализм тұсында елдің өндіргіш күштерін социалистік қоғамның игілігі үшін тиімді, үнемді пайдалануға толық мүмкіншілік береді.

Капитализм тұсында үнемдеу жұмысшы табының материалдық жағдайын нашарлатуға тікелей себепші болып отырады. Капиталистік «үнемдеу» жұмысшы күшін жырақсыштықпен сарын етуге, еңбекшілердің өмірлік мүдделеріне кең түрде шабуыл жасауға негізделеді. Капитализм тұсындағы «үнемдеу» халыққа қарсы сыпатта болады, ол жұмысшы табын қанауды күшейту, неғұрлым көп пайда табу мақсатымен жүргізіледі.

Ұлы Октябрь социалистік революциясы жеңгеннен кейінгі алғашқы күндердің өзінде В. И. Ленин еңбекшілерге арнап былай деп жазған болатын: «Жерді, астықты, фабрикаларды, құрал- жабдықтарды, өнімдерді, транспортты кезіп қарапайымдай сақтаңыздар,—осының бәрі бүгіннен бастап түгелдей біздікі, жалпы халықтық дәулет болып табылады» (Шығармалар, 26 том, 266 бет).

Біздің еліміз өзінің шаруашылығын меншікті ресурстардың есебінен, пайда келтірудің ішкі мүмкіншіліктері есебінен өркендетіп отырады. Үнемдеу тәртібі неғұрлым қатал жүргізілген сайын, солғұрлым қаржыны көп ұқыптауға болады, солғұрлым Совет Одағының экономикалық қуаттылығы арта береді.

Қоғамның үздіксіз есіп отыратын материалдық және мәдени талаптарын барынша қанағаттандырудың негізі болып табылатын социалистік өндірісті жоғары техника негізінде үздіксіз өсіріп, жетілдіре беруді қамтамасыз ету үшін халық шаруашылығында үнемдеу тәртібін барынша қатаң жүргізу қажет.

Үнемдеу тәртібін жүзеге асыру жоспарды табыспен орындау мақсатымен социалистік өндірісті үздіксіз өсіріп, жетілдіре беру, еңбекшілердің материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін үздіксіз арттыра беру мүдделері үшін барлық қолда бар ресурстарды неғұрлым орынды пайдалану деген сөз.

Үнемдеу тәртібінің принципі мынада: [illegible] ста да, шығарылатын өнімнің түрлері де бірдей болса тұрса да, түрлі кәсіпорындардың меншікті жұмсау мөлшері түрліше болатын фактілері аз емес. Мысалы, Харьков және Сталинград заводтары бір үлгілі —«ДТ—54» тракторын шығарады. Бірақ шикізатты жұмсаудың жоспарлық нормасы бірдей болып белгіленгенімен, харьковтықтар өткен жылы сталинградтықтарға қарағанда әрбір тракторды жасау үшін 98 килограмм металды артық жұмсады.

Әресе, құрылыста үнемдеу тәртібі нашар жүргізіліп келеді. Мысалы, СССР Құрылыс министрлігі бойынша қаржыларды артық жұмсаудан және басқа өнімсіз шығындардан болған зиян, өткен жылы 725 миллион сом болды.

Өнімсіз шығындар ауыл шаруашылығында да орын алып келеді. Мысалы, 1952 жылы МТС-тер трактор жұмыстарының белгіленген өзіндік құнын арттырып жіберді, бюджет қаржыларын 386 миллион сом мөлшерінде артық жұмсады.

Транспортта да орасан көп ысыраптарға жол берілім келеді. Ауылшаруашылық өнімдерін дайындау, сақтау және өткізу жөніндегі үстеме шығындар өте көп, сол сияқты, саудада да айналыс шығындары кем болып келеді.

Халық шаруашылығына аптығушылық, өнімдерді біркелкі шығарып отырмаушылық зор зиянын тигізуде. Мұның өзі өндірістің біркелкі жұмыс істеуіне бөгет жасап, жұмыстың біркелкілігін бұзады. Аптығушылықтың салдарынан брак көбейеді, шикізаттар, отын, жалақы қоры артық жұмсалады, мұның өзі, сайып келгенде, өнімнің өзіндік құнын арттыруға әкеліп соғады.

Міндет иесіздікке, ысырапкорлыққа және шығындарға шек қоюда болып отыр, сөйтіп, осының негізінде барлық социалистік кәсіпорындардың жоғары рентабельділікпен жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек.

II

Үнемдеу тәртібін жүзеге асырудың жолдары қандай?

Аса қатаң, нағыз социалистік үнемдеу тәртібін жүзеге асыру үшін өндіріс қуаттарының қолда бар құрал- жабдықтарын неғұрлым жақсы және өнімді пайдалану, алдыңғы қатарлы техниканы өндіріске енгізіп отыру, еңбекті және бүкіл техникалық процесті жақсы ұйымдастыру, шикізатты, материалдарды, отынды, электр қуатын үнемдеп жұмсау және үстеме шығындарды барынша азайту қажет.

Үнемдеу тәртібін жүзеге асыру — тек қана кәсіпорындардың басшыларының емес, сонымен бірге, барлық еңбекшілердің ісі. Бұл —бүкілхалықтық іс.

Машина жасау өнеркәсібіндегі үнемдеудің аса ірі мүмкіншіліктерінің бірі машиналардың салмағын азайту болып табылады. Кәзір машина жасайтын заводтарда машиналардың детальдарының формала- [illegible]

1952 жылы Москва өнеркәсібінің қызметкерлері 154 миллион- киловатт- сағат электр қуатын үнемдеді. Бұл қуатпен 190 мың тонна болат қорытуға, 100 мың автомобиль шығаруға болады. Москвалықтар биылғы жылы 200 миллион киловатт- сағат электр қуатын, 75 мың тонна шартты отын үнемдеуге міндеттенді.

Үнемдеу тәртібі әрбір бұйымға жұмсалатын шығындардың барынша азайтылуын талап етіп қана қоймай, сонымен бірге, шығарылатын өнімнің сапасын да барынша жақсартуды талап етеді. Елде кәзір мінсіз сапалы өнім шығару үшін жаппай патриоттық қозғалыс өріс алып отыр. Дегенмен, әлі де болса үнемдеу тәртібін жүргізгенде өнімнің сапасына нұқсан келтіретін кәсіпорындар аз емес.

Москвадағы «Буревестник» аяқкиім фабрикасының коллективі биылғы жылы 1 миллион сомнан аса қаржы үнемдеді. Бірақ, мұнымен қатар фабрикада брак көбейді. Үстіміздегі жылдың 6 айының ішінде тана орталық универматтың осы фабрикадан түскен аяқкиімдерден 2 миллион сомдық аяқкиімдерді бракқа шығарғандығын айтудың өзі де жеткілікті. Мұндай «үнемдеу тәртібінің» социалистік экономикаға керегі жоқ.

Үнемдеу тәртібін жүзеге асырудың аса маңызды тетігі шаруашылық есеп болып табылады. Тәжрибе мынаны көрсетіп отыр: шаруашылық есебінің принциптерінің мәнісінде сақталған кәсіпорындарында өндіріс қуаттары неғұрлым тиімді пайдаланылады, материалдық және ақша қаржылары неғұрлым орынды жұмсалады.

Шаруашылық есебі, социалистік кәсіпорындарды жоспармен басқарудың әдісі ретінде, қажетті ынталық туғызады, үнемдеу тәртібін қатаң сақтау үшін жауапкершілікті күшейтеді. Шаруашылық есебі шығынды барынша азайта отырып, табысты мейлінше көбейтуді талап етеді.

Солай бола тұрса да, бірқатар кәсіпорындарда шаруашылық есебі осы уақытқа дейін формальды түрде жүргізіліп келеді. Мысалы, кейбір шаруашылық қызметкерлер, шаруашылық есептерінің принциптерін бұзып, шикізаттарды жарату және бұйымдарға еңбек жұмсау нормаларын арттыру жолымен өнімдердің өзіндік құны жөніндегі жоспарларда жасанды мүмкіншіліктер туғызады.

Шаруашылық есебін барынша дамытып нығайта беру керек, сөйтіп, осының негізінде үнемдеуді қамтамасыз ету керек. Үнемдеу тәртібін жүзеге асыру үшін заводтың ішкі шаруашылық есебі маңызды алады. Мысалы, Горькийдің Молотов атындағы автомобиль заводында өткен жылы шаруашылық есебіндегі бригадалар 20 миллион сомдық шикізаттар мен материалдарды үнемдеген.

Үнемдеу тәртібін барынша қатаң сақтау мәселесіне шаруашылық, партия және кәсіподақ орындары да әрдайым назар аударуға тиіс.

Морис Торездің хаты

Француз коммунистерінің көсемі Морис Торез «Халық ұлы» атты кітап жазды, онда Франция жұмысшы табының бостандық жолындағы, империалистік езушілікке қарсы батырлық күресі баяндалады. Орыс тіліне аударылған бұл кітап біздің еліміздің еңбекшілерінің зор назарын аударды.

Биылғы жылы Франция Коммунистік партиясы Бас секретарының кітабы қазақ тіліне аударылды. Қазақ Мемлекеттік баспасының коллективі кітапты аударып, бастыруда зор сүйіспеншілікпен еңбек етті. Ол әдемі мұқабамен тиражы 20 мың дана болып басылып шықты.

Кітаптың бір данасы Морис Торезге сыйлыққа жіберілген болатын. Жақында аудармашының атына орыс тілінде жазылған хат келді. Онда былай делінген:

«Қымбатты жолдас!

Мен «Халық ұлы» кітабы үшін сізге үлкен алғыс айтамын. Бұл кітап менің қолыма жақында тиді.

Мен «Халық ұлы» кітабының қазақ тіліне аударылғанын біліп, қуанып отырмын, қазақ халқы француз халқының империализмге қарсы, бейбітшілік пен социализм жолындағы күресі туралы ыкласпен оқыйды деп сенемін.

Коммунистік сәлеммен

МОРИС ТОРЕЗ.

ПАРИЖ, 26/X-53».

Техникумның 30 жылдығы

Бұл күндерде өзінің құрылғанына 30 жыл толуын атап өткен Ленин ауылшаруашылық техникумы ауданның мақтанышы болып саналады. Революцияға дейін мұнда жұмыс істеген шағын ғана ауылшаруашылық мектебі жылына небары 10—15 маман даярлап шығаратын. Ал, техникум құрылғаннан бері 1200-ге жуық агрономдар мен зоотехниктер даярлап шығарды. Өткен оқу жылында ғана техникумды 60 жас маман бітіріп шықты.

Техникумның көптеген бұрынғы тәрбиеленушілері кәзір еліміздің түрлі қалаларында қызмет істеп жүр. Мәселен, Райбаев —кәзір Ленин атындағы Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы Ғылым академиясының Қазақ филиалы ғылми институтының ғылми қызметкері, Жұмағұлов —Қазақ ССР Ғылым Академиясының экспериментальдық биология ғылми- зерттеу институты директорының орынбасары болып істейді. Техникумның бұрынғы студенті Перекальский және Ыбрәев жолдастар ауылшаруашылық ғылымының кандидаттары.

Н. УӘЛИХАНОВ.

Облыстық кітапханада

Жуырда облыстық кітапханада совет жазушысы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты О. Мальцевтің «Югославия трагедиясы» романы бойынша кітап оқушылар конференциясы болып өтті. Оған кітапхананың 80-нен астам [illegible]

СОТА-ның жауабы

Ағылшын деректерін дәлелге келтіріп, Франс Пресс агенттігі ССРО Министрлер Советінің Председателі Г. М. Маленковке төрт мемлекеттің —ССРО-ның, АҚШ-тың, Англияның, Францияның үкмет басшыларының кеңесіне қатысу ұсынылыпты- мыс және Г. М. Маленков В. М. Молотов арқылы Англия үкметіне мұндай кеңестің шақырылуына ризалық білдіруге әзір екендігін хабарлапты- мыс деген лақап таратты.

СОТА мынаны мәлімдеуге өкілдік алды: жоғарыда айтылған хабар шындыққа мүлдем сай келмейді және бұл хабар тегінде АҚШ, Англия, Франция үкмет басшыларының Бермуд аралдарында шақырылмақшы болып белгіленген өзара оңаша кеңесті көздейтін мақсаттардан жұрттың пікірін басқа жаққа аударуға арналған болуы керек.

Мосаддыкке сот

ЛОНДОН, 8 ноябрь, (СОТА). Рейтер агенттігінің хабарына қарағанда, бүгін Иранның бұрынғы премьер- министрі Мосаддыкке сот басталған.

* * *

ТЕГЕРАН, 10 ноябрь. (СОТА). 8 ноябрьде хабар етілгеніндей, Сұлтанабадта (Тегеранның маңында) Мосаддыктің және Иран армиясы бас штабының бұрынғы бастығы Рияхидің ісі бойынша соғыс сотының мәжілістері басталған.

Председательдік етуші дивизия генералы Могбель Мосаддыкке оның ісін қарау тапсырылған соттың билігі жөнінде пікірін айтуды ұсынған.

Мосаддык өзінің мәлімдемесінде заңды шаралардың бәрін меджлис тапсырған өкілдік бойынша «төтенше өкілдіктер туралы заңға» сәйкес шығарып келгендігін айтты. Сондықтан осы уақытқа дейін бұл заңды шараларды меджлис бұзбай келді, олардың заңды күштері өзінде, соның ішінде армия бойынша шығарылған заңдар да өз күшінде. Соғыс соттарын тарату туралы заң, деді Мосаддык, осы заңдардың бірі болып табылады, оны бұзуға меджлистен басқа ешкімнің правосы жоқ. Сондықтан оның ісін (Мосаддыктің) қарауға кәзіргі соттың билігі жетпейді.

Сол сияқты, Мосаддык генерал Азмуде осы сот процесінде айыптаушы есебінде сөйлей алмайды, өйткені, ол (Мосаддык) ұлт қорғау министрі болғанда, Азмуде оған бағынышты болған деді. Кәзіргі Иранда бар заңдарға сәйкес, өзінің бастығының ісі бойынша бағынушылар айыптаушылар есебінде сотта сөйлей алмайды немесе соттың мүшесі бола алмайды.

Мұнан кейін Мосаддык меджлис таратылмай тұрған уақытта шах бұрынғы премьер-министрді орыннан алып, жаңадан премьер- министр тағайындау сияқты жағдай Иранның тарихында болып көрген емес деді. Сондықтан ол, Мосаддык, заңды премьер- министр болып табылады. Тіпті меджлис, деді Мосаддык, премьерге төтенше өкілдіктер беру туралы өзінің бұрынғы заңын бұзған уақытта ғана оны премьерлік қызметтен босата алатын еді.

9 ноябрьде соғыс сотының мәжілісінде де Мосаддык сөзінің жалғасын сөйледі. Шетелдіктер, деп мәлімдеді ол, біздерді жойғысы келді. Осы мақсатпен олар Хауіпсіздік Советіне де, Халықаралық сотқа да шағымдар жасады. Бірақ, олардың әрекеттерінен ешнәрсе шыққаны жоқ. Осыдан кейін олар Иранға көз алартып, басқа жолмен —меджлистің оппозициялық депутаттары арқылы әрекет жасады. Олар өздерінің жоспарларын меджлис арқылы жүзеге асыруда табысқа жетпегеннен кейін 9 әсфанд (Мосаддыктің үйіне 28 февраль күні шабуыл жасалған уақыт. — ред) оқыйғасын әзірледі. Мұнан кейін олар меджлис депутаттарының арасына — «Ұлттық майдан» мүшелерінің арасына алауыздық таратуды ұйғарды, бірақ, бұл ретте оларға референдум бөгет жасады. Енді полковник Насыри сияқты төңкеріс жасарлықтай кісі табудың ғана жалғыз жолы қалды.

Сөзінің қорытындысында Мосаддык оның ісін қарауға соттың билігі жетпейтіндігін және осы уақытқа дейін ол Иранның заңды премьер-министрі болып табылатындығын қайталап айтты.

Францияда оқытушылардың жаппай ереуілі

ПАРИЖ, 10 ноябрь. (СОТА). Кеше Францияда оқытушылардың 24 сағаттық жаппай ереуілі басталды. Бұл ереуілді- түрлі бағыттағы мұғалімдер кәсіподақтарын біріктіретін халық ағарту қызметкерлерінің ұлттық федерациясы жариялаған.

Аталған ереуілдің ерекше сипаты бар. Өйткені, халық ағарту қызметкерлері жалақының арттырылуын ғана талап етіп отырған жоқ, сонымен қатар, Франциядағы мектептердің ауыр жағ- [illegible] мәлім. Ардеш департаментінің барлық оқытушылары өкмет орындарының әрекеттерін әділетсіз деп санап, Луи Шазды қорғау үшін бірлесе күресті. Ақыры олар өкмет орындарының бұйрығын жүзеге асыртпады.

Франс Пресс агенттігінің хабарынан көрініп отырғанындай оқытушылардың ереуілі ойдағыдай өтіп жатыр. Халық ағарту қызметкерлері кәсіподағы федерациясының бас секретары Сена департаментінде 12 мың оқытушы ереуіл [illegible] хабарлады. Фран-

отырып, өндіріс жұмыстарының нәтижелерін барынша кеңейту.

ССРО халық шаруашылығының барлық буындарында үнемдеу тәртібін өте қатаң жүргізуге барлық совет адамдары ынталы, өйткені, олар қанаушылар үшін емес, өздері үшін, қоғам үшін еңбек етеді.

Біздің елімізде үнемдеу тәртібі социализмнің негізгі экономикалық заңынан туын отырады және ол еңбекшілердің өмірлік мүдделеріне жауап береді.

Коммунистік құрылыстың партияның XIX съезінің қарарларында көрсетілген ұлы программасы еліміздің орасан зор еңбек және материалдық ресурстарын жұмылдыруды, орынды пайдалана білуді талап етеді, социалистік меншікке ұқыпты болуды талап етеді.

Иесіздік бар жерде, жұмсалатын қаржылар мен материалдарға нағыз пелік көзқарастың жоқ жерінде, басшылар заводтың, фабриканың экономикасын жете білмеген жерлерде орасан көп ысырапшылар мен зыяндардың болатыны сөзсіз. Нақтылы жұмсалып жатқан шығындарды білмейінше, әрбір бұйымның неге түсетінін, есіндік күнді кемітудің қандай шаралары барын білмейінше, кәсіпорынға дұрыс басшылық етуге болмайды.

Бізде жұмыс жағдайы бірдей бола тұрып өзгерту, жетілдіру жолдарын іздеу осының негізінде машиналар мен механизмдердің детальдарының салмағын азайтуға мүмкіншілік беретін беріктік күшін белгілеу әдісі кең өріс алып келеді.

Мысалы, Москваның Сталин атындағы автомобиль заводында жас жұмысшылар мен мамандардың инициативасымен, өткен жылдың өзінде әрбір бұйымға жұмсалатын металды барынша үнемдеу үшін жарысты ерістетуде. Осының нәтижесінде әрбір «ЗИС—150» автомобиліне жұмсалатын қара және түсті металл 40 килограмм, ал, «ЗИС—151» автомобиліне жұмсалатын қара және түсті металл 50 килограмм кемітілді.

Коломнадағы Куйбышев атындағы паровоз жасайтын заводта әрбір бұйымды жасаудың толық технологиясы белгіленген. Мысалы, 26 миллиметрлік тақта металды пішудің өзгертілуі әрбір тақтадан паровозға керекті 5 торап орнына, 6 торап құрастырып шығаруға мүмкіндік берді. Осының нәтижесінде тағы әрбір паровоздан 925 килограмм металл үнемделді.

Ригадағы «Ригас- мануфактура» мақтамата комбинатының коллективі бесінші бесжылдықтың екі жылы ішінде мақтаны және жіпті үнемдеу есебінен жоспардан тыс 400 мың метр мата шығарды.

Бұқараны ұқыптылық және [illegible] социалистік меншікке коммунистік көзқарас рухында тәрбиелеу —партия ұйымдарының аса маңызды міндеті.

Былтыр, Коммунистік партия мен совет үкметі ауыр өнеркәсіпті өркендету ішіндегі қол жеткен табыстардың негізінде халық тұтынатын заттардың өндірісін шұғыл арттыруды жүзеге асырып отырған кезде, үнемдеу тәртібін қатаң және тыңғылықты жүзеге асырудың маңызы орасан зор.

ССРО Жоғарғы Советінің бесінші сессиясының, СОКП Орталық Комитеті сентябрь Пленумының қарарлары аса қысқа мерзім ішінде халық үшін азық- түлік молшылығын, жеңіл өнеркәсіп үшін шикізат молшылығын жасаудың кең программасын жасап беріп отыр.

Партия мен үкметтің өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету, халықтың тұрмыс жағдайын жақсарта беру ісіндегі алға қойып отырған міндеттерін табыспен орындаудың аса маңызды шарттарының бірі —үнемдеу тәртібін қатаң, табандылықпен және тыянақтылықпен жүзеге асыру болып табылады.

Д. АЛЛАХВЕРДЯН,
Экономикалық ғылым кандидаты.

Фельетон

Оғаш оқыйға

Колхоз председателі Қайыржан Рысбаевтың пәрменді бұйрығы бойынша әрі жылқы фермасының меңгерушісі, әрі колхоз бастауыш партия ұйымының секретары Қажақмет Сайдуов пен қой фермасының меңгерушісі Бопыш Сүлейменов жедел түрде колхоз кеңесіне шақыртылды.

—Бізді МТС кеңесіне шақырып жатыр, —деп бастады өңгімені председатель. — Өзімізді ел ағасы десек те, ер ағасы десек те сыяды. Топ жыйналатын жерге тоңды бармасақ та, торқалы барайық. Көп колхоздың бастықтары мен басшылары жыйналатын жер ғой. Сен, Бопыш, фермадан бір семіз қойды ретте, ал, сен, Қажақмет, қыс түсер алдында қызыл шеке болып ішетін бір саба қымыз жеткіз...

Сөз соңында председатель, үшеуімен бірге ауылдық Советтің председателі Сақып Байдалинаның да болатындығын, төртеуі тізе біріктірсе ешнәрседен хауіптенудің қажетсіздігін де ескертіп кетті.

Бастық айтты —бітті, кесті — үзілді... Жаз бойы майға бөккен ту қой мен шүпілдеген бір саба қымыз көп кешікпей машинаға салынды, Рысбаев бастаған топ МТС-ке аттанды...

«Қырсыққанда қымыран іриді» деген дейін, Семиполка селосына жете бере ту қойдың бәсеп кетіп, машинадан секіре қашпасы бар емес пе! Қойдың беті —«Балуан» колхозы. «Балуаннан» Рысбаевқа бой бермес сом білекті балуан тауып, жанды арашалайын» дегендей, қара жолға түсіп алып, қой қашып келеді.

Басқа адам болса мұндай күтпеген оқыйғаға амал- айла таба алмай, аңтарылып қалуы мүмкін еді. Бірақ, араны үшін айланы өрқашан тауып жүрген Рысбаев жаяу қуып, қойға ешкім жете алмайтынын лезде аңғарып, қойды машинамен қуып берді. Қашқан —қой, қуған —Қайыржан болған соң, «істен» —нәтиже, «еңбектен» —жеміс шықпайды деп ойлаушы адам қателескен болар еді.

Қашқан қойды қамалап, я болмаса атпен қайырып, жаяу қуып ұстағанды көргендер көп. Бірақ, машинамен қой қуғанды өз өмірлерінде алғаш рет көріп тұрған село халқы, бұл тағылық тәсілге айран- асыр болып қарасты. Бұл сыяқты оғаш оқыйғаның одағай қыймылын ойына алған Қайыржан жоқ. Алдында кетіп бара жатқан астау толы етке ашылған араны оған ар-ұятты да ұмыттырды. Арттан адуындап келген машина мен онда отырған Рысбаевтың қаһарлы жүзі қойдың да есін шығарса керек; ол жолдан бұрыла қашып, ағашқа қарай бет түзеді. Ойлы- шұқырлы жер ағыдан зымыраған машинаны кей кезде аспанға секіртіп, Қайыржанның төбесі талай рет кабинаның төбесін де тесіп кете жаздады. Бірақ, ызаланған ол, қашан қойды басып өткенше машинаны тоқтаттырмады.

Сөйтіп, жүйткіп келе жатқан машина мен үстінен басып өтіп, езгіленген шалажансар қой Семиполкада пышаққа «легіп», боршаланып қазанға түсті. Қой қуған кезде машинада болған қымыз шайқала сапырылып, сары майы бетке шыға тіл үйірерліктей болып жуасыған екен.

Бір сөзбен айтқанда, ауыз тола жейтін ет, мейірлене ішер қымыз, көңіл құсын көтерер рюмкелер колхоз председателі Қайыржан мен оның табақтастарының сол түнгі алданышы болды. Мұндай жағдайда олардың МТС кеңесіне қалай қатысқандығын, одан қаншалықты «кеңес» алғандығын айтып жатудың қажеті бола қояр ма екен?!

Әрине, бүкіл жұрттың көзінше тапатал түсте қоғамдық дәулетке қолды осылайша салған Рысбаев пен оның досжарандарының «бармақ асты, көз қыстының» жолымен, ебін тауып екі асап жүргендері жоқ деп ешкім де айта алмас.

Ал, колхозда бұл кезде шаруашылық жұмыстар ойсырап жатты. Бұл жағдай серуеншілердің қатеріне кіріп, жандарын ауыртқан емес-ті.

Қашаған қой қуған Қайыржан мен оның дос- жарандарының бастарынан кешірген оғаш оқыйғаның шын сыры осындай. Оқушыларға толық таныс болу үшін айта кетейік: оқыйғаның болған жері —Октябрь ауданы, Жамбыл атындағы колхоз. Ал, бұл оқыйғадан шығарылатын қорытындыны Октябрь аудандық партия комитетінен күтеміз.

Ш. ӘДІЛОВ.

кітап оқушылары қатысты. «Югославия трагедиясы» романы туралы қаладағы А. М. Горький атындағы мектептің директоры В. Черников жолдас баяндама жасады. Баяндамашы О. Мальцевтің романы Югославия халқының немісфашист басқыншыларына қарсы ерлік күресін, шетел империалистерінің сатылғыш агенттері Тито -Ранковичтердің жауыздық әрекеттерін әшкерелейтін шығарма екендігін атап көрсетті.

С. ЕСЕНДӘУЛЕТОВ.

ЖАҢА ДҮКЕН ҮЙІ

Өткен жылы Октябрь ауданы Коноваловка сельпосының қамтуындағы Городецкі селосында жаңадан селолық магазин үйі салынған болатын. Ал, быйыл осы сельпоның қамтуындағы Социал селосының орталығында жаңадан дүкен үйін және товар қоймасын салу жұмысы қолға алынды. Көзір бұл үйлердің құрылыс жұмыстары толық аяқталуға жуық.

Қ. ҚҰРМАНҒАЛИЕВ.

даларына қарсы наразылық білдіруде. Олар мемлекеттің халық ағарту мұқтаждарына өте- мөте аз қаржы бөсататындығына қарсы шығуда. Оқытушылар жаңадан мектеп үйлерін салуды, оқушылар санының өсуіне байланысты мұғалімдер санын көбейтуді де талап етуде.

Сонымен қатар, олар департамент префектінің билігіне барлық оқытушыларды көндіріп отырған үкметтік декретке қарсы наразылық білдіруде. Осы уақытқа дейін мұғалімдерді қызметке белгілеу және ауыстыру мәселесін халық ағарту орындары мұғалімдердің біліміне және сапасына қарай шешіп келді. Ал, жоғарыда аталған декрет күшіне кіргеннен кейін бұл салада зорлық және саяси жәбірлеушілік күшейді. Мұның өзі халық ағарту қызметкерлері арасында ыза- кек туғызуда. Ардеш департаментінде жергілікті өкмет орындарының бас кеңесшілік қызмет атқаратын коммунист ағасы болғандықтан оқытушы Луи Шазды мектепке орналастыруға кедергі жасағандығы көпшілікке

цияның 75 мың бастауыш мектептері түгел дерлік жабылған. Басқа департаменттерде оқытушылардың 70 процентten 100 процентке дейін қатысуда. Қолөнер училищелерінің мұғалімдері жұмысты толық тоқтатқан. Алжирдің халық ағарту қызметкерлері Францияның оқытушыларына қосылған. «Парипресс -Энтрансижан» газетінің хабарына қарағанда, оқытушыларға ынтымақтастық білдіру ретінде бүгін Париж кітапханаларының қызметкерлері де ереуіл жариялаған.

Халық ағарту қызметкерлерінің мектептерді қорғау жолындағы, зорлық және саяси жәбірлеушілікке қарсы қозғалысы оқушылардың ата-аналары тарапынан да қолдау табуда.

Газетіміздің келесі саны 15 ноябрьде, жексенбі күні шығады.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КҮМІС ТҮСТІ ШАҢ»

Сеанстар сағат 6,30-8,10-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«ЖАЗЫҚСЫЗ КІНӘЛІЛЕР»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Тұтынушылар кооперациясы орталық одағының 1953 жылғы 31 августағы қаулысына сәйкес Петропавл аудандық тұтынушылар одағы колхоз базарында колхоздардың картобы мен овощтарын сатып беретін сауда ұйымдастырды.

Барлық колхоздардан өздерінің картоптары мен овощтарын сатқызу үшін аудандық тұтынушылар одағының колхоз базарындағы осы дүкеніне тапсырулары сұралады.

Азық- түлік тапсырғаны жөніндегі документтер Петропавл қаласы, Бостандық көшесі, 11-үйде аудандық тұтынушылар одағының кеңсесінде жасалады.

Петропавлдың металл қоймасына жүк тиеушілер және жүк автомашинасының шоферы КЕРЕК.
Адрес: Андреев көшесі, 78-үй.

Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия бөлімі— 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, тілшілер бөлімі — 3-39, корректорлар бюросы —4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сайлесуге болады.

УШ 02837. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21 үй.